



Бекітемін

«Tiekzhan & K» ЖШС

Смайлик бөбекжайының
менгерушісі м.а А.Е. Хасанова

**«Террористік тұрғыдан осал объектілердің қарсы қорғалуы»
2025–2026 оқу жылына арналған іс-шара жоспары**

№	Іс-шара атауы	Мақсат бағыты	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушы	Орындау мерзімі
1	Мекеме ғимараты мен аумағын тексеру	Бөбекжай қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Тексеру актісі	Менгеруші	Қыркүйек
2	«Қауіпсіз бөбекжай» бұрышы мен ақпараттық стенд ұйымдастыру	Балалар, ата-аналар мен қызметкерлерге қауіпсіздік ережелерін түсіндіру	Стенд, жадынама	Әдіскер, тәрбиешілер	Қыркүйек
3	Терроризмге қарсы нұсқаулықпен таныстыру (қызметкерлерге)	Қызметкерлердің төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекеттерін нақтылау	Нұсқаулық, қолхат алу	Менгеруші, әдіскер	Қазан
4	Балаларға арналған «Қауіпсіздік әліппесі» сабақтары	Балаларды қарапайым қауіпсіздік ережелерімен таныстыру	Танымдық әңгіме, бейнематериал	Тәрбиешілер	Қараша
5	«Күдікті зат тапсаң не істейсің?» тақырыбында оқу-жаттығу	Қызметкерлер мен балаларды төтенше жағдайда дұрыс әрекет етуге үйрету	Оқу-жаттығу, эвакуация	Әкімшілік, ТЖ қызметкерлері	Желтоқсан
6	«Терроризм – қоғамға қауіпті құбылыс» ата-аналар жиналысы	Ата-аналарды ақпараттандыру, ортақ жауапкершілікті арттыру	Жиналыс, баяндама	Әдіскер	Қаңтар
7	Қауіпсіздік сигнализациясы мен бейнабақылау жүйесін тексеру	Инженерлік-техникалық қорғаныс құралдарының жұмысын қадағалау	Тексеру актісі	Менгеруші	Ақпан
8	«Қауіпсіз эвакуация» оқу-жаттығуы	Балалар мен қызметкерлерді эвакуациялау жолдарымен таныстыру	Эвакуация жоспары	Менгеруші, әдіскер	Наурыз
9	Терроризмнің алдын алу жөніндегі түсіндіру жұмыстары (әңгімелер, бейнероликтер)	Балалар мен ата-аналардың қауіпсіздік мәдениетін арттыру	Сурет көрмесі, бейнематериал	Тәрбиешілер	Сәуір
10	Жылдық жұмысты қорытындылау	Атқарылған шаралардың тиімділігін бағалау	Қорытынды акт	Менгеруші	Маусым

МЕКЕМЕ ҒИМАРАТЫ МЕН АУМАҒЫН ТЕКСЕРУ

Іс-шара мақсаты: Бөбекжай аумағы мен ғимаратының инженерлік-техникалық беріктігін, бөгде заттардың жоқтығын және кіріп-шығу бақылауын кешенді тексеру.

1.1 Орындау алгоритмі мен тексеру бағыттары

Тексеру комиссиясы («Смайлик» бөбекжайының меңгерушісі м.а. А.Е. Хасанованың төрағалығымен) келесі бағыттар бойынша визуалды және техникалық тексеру жүргізеді:

- 1. Аула қоршауының бүтіндігі:** Қоршауда тесіктердің, бүлінген жерлердің болмауын, қақпалар мен калиткалардың бекітілуін тексеру.
- 2. Кіріп-шығу режимі (Домофон/Доступ):** Сыртқы есіктердегі магниттік құлыптардың, домофондардың жарамдылығын тексеру.
- 3. Шатыр мен төлеу (подвал) бөлмелері:** Бұл бөлмелердің пломбаланғандығын және құлыптарының беріктігін бақылау.
- 4. Эвакуациялық шығу есіктері:** Апаттық шығу есіктерінің бос болуы, кілттердің белгіленген орында тұруы.
- 5. Бейнебақылау камералары:** Ғимарат айналасындағы және ішкі дәліздердегі бұрыштардың толық көрінуі.

АКТ №1

Мекеме ғимараты мен аумағын антитеррористік тексеру нәтижесі бойынша
«Смайлик» бөбекжайы «09» қыркүйек 2025 ж.

Комиссия құрамы:

Төрағасы: Бөбекжай меңгерушісі м.а. – А.Е. Хасанова

Мүшелері: Әдіскер –А.Е. Хасанова, құрылтайшы Л.А. Джумабекова

Осы акт «Смайлик» бөбекжайының 2025–2026 оқу жылына дайындығы аясында мекеме ғимараты мен іргелес аумағын тексеру жүргізілгендігін растайды.

Тексеру барысында анықталды:

1. Бөбекжай периметрі бойынша қоршаулар толық, бүтін, бекітілген.
2. Шатыр есіктері құлыпталған, пломбаланған. Бөгде заттар табылған жоқ.
3. Эвакуациялық жолдар бос, қосалқы есіктер ішкі жағынан оңай ашылады.
4. Бейнебақылау жүйесі және домофон қалыпты режимде жұмыс істеп тұр.

Қорытынды:

«Смайлик» бөбекжайының ғимараты мен аумағы антитеррористік және өрттік қауіпсіздік талаптарына толық сай келеді.



Комиссия төрағасы:

 А.Е. Хасанова

Комиссия мүшесі:

 Л.А. Джумабекова

«ҚАУІПСІЗ МЕКЕМЕ» БҰРЫШЫ МЕН АҚПАРАТТЫҚ СТЕНД ҰЙЫМДАСТЫРУ

Іс-шара мақсаты: Ата-аналар, қызметкерлер мен тәрбиеленушілердің қауіпсіздік ережелері бойынша хабардарлығын арттыру және көрнекі ақпарат беру.

1. Ақпараттық стендтің мазмұндық құрылымы

«Қауіпсіз мекеме» бұрышы бөбекжайдың кіреберіс холында орналастырылады. Стенд келесі блоктардан тұрады:

1. Шұғыл байланыс телефоны нөмірлері (үлкен шрифтпен):

- 101 – Өртке қарсы қызмет
- 102 – Полиция қызметі
- 103 – Жедел медициналық жәрдем
- 112 – Төтенше жағдайлар бірыңғай кезекші қызметі
- Мекеме меңгерушісі м.а. : А.Е. Хасанова (байланыс тел. +7 775 655 3501)

2. Эвакуациялау жоспары: Ғимараттың әр қабатының эвакуациялау схемасы және шығу бағыттары көрсетілген шартты белгілер.

3. Қауіпті жағдайдағы іс-қимыл алгоритмі: Күдікті зат табылғанда, бөгде адам басып кіргенде немесе өрт туындағанда орындалатын әрекеттер.

2 Стендке арналған жадынама: «Ата-аналарға арналған қауіпсіздік ережелері»

Құрметті «Смайлик» бөбекжайының ата-аналары!

1. Бөбекжайға кіріп-шығу кезінде есікті бөгде адамдарға ашып ұстамаңыз.
2. Баланы тәрбиешіге жеке өзіңіз тапсырыңыз және жеке өзіңіз алып кетіңіз. Баланы жасөспірімдерге немесе бейтаныс адамдарға беруге тыйым салынады.
3. Бөбекжай аумағында немесе маңында күдікті зат (сөмке, қорап, ойыншық) байқасаңыз, дереу мекеме әкімшілігіне немесе 102 нөміріне хабарлаңыз.
4. Балаңызға бейтаныс адамдармен сөйлеспеуді және олардан ешқандай зат/тәтті алмауды үйде де ескертіп отырыңыз.

ТЕРРОРИЗМГЕ ҚАРСЫ НҰСҚАУЛЫҚПЕН ТАНЫСТЫРУ (ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ)

Іс-шара мақсаты: Педагогикалық және көмекші персоналдың төтенше жағдай туындаған кездегі нақты іс-қимыл алгоритмін меңгеруін қамтамасыз ету.

1 Қызметкерлерге арналған лауазымдық нұсқаулық

1. 1.Күдікті зат табылған кезде:

- Затты қозғауға, ашуға, орнынан жылжытуға немесе радиотелефон пайдалануға **ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**.
- Дерету меңгерушіге м.а (А.Е. Хасановаға) немесе құрылтайшыға (Л.А. Джумабековаға) хабарлау.
- 102 немесе 112 қызметіне хабар беру.
- Балаларды күдікті зат орналасқан аймақтан қауіпсіз арақашықтыққа (кемінде 100 метр) эвакуациялау.

1.2. Қарулы шабуыл немесе бөгде адам басып кірген кезде:

- Дерету «Дабыл түймесін» (КТС) басу.
- Топ бөлмелерінің есігін іштен кілттеп, жиһаздармен тосу (баррикадалау).
- Балаларды терезеден алыс, ішкі қабырға бойына еденге отырғызу, тыныштық сақтау.

2.Қызметкерлерді нұсқаулықпен таныстыру (журналға танысқандығы жөнінде қол қойдыру)

Балаларға арналған «ҚАУІПСІЗДІК ӘЛІППЕСІ» тақырыптық іс-әрекеттері

Іс-шара мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы балаларға қарапайым қауіпсіздік ережелерін түсіндіру, өзін-өзі қорғау дағдыларын қалыптастыру.

Тақырыптық іс-әрекеттің қысқаша конспектісі

Тақырыбы: «Бөтен адаммен сөйлеспе, иесіз затты ұстама!»

Мақсаты: Балаларға бейтаныс адамдардың қауіпті болуы мүмкін екенін, көшеде немесе балабақшада жатқан бөгде заттарды ұстауға болмайтынын ұғындыру.

Барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі: «Сәлемдесу шеңбері». Тәрбиеші балалармен жағымды көңіл-күй орнатады.

2. Негізгі бөлім (Ойын-жағдаят): Тәрбиеші «Қонжық пен Бөтен Түлке» ертегілік ситуациясын көрсетеді. Түлке қонжыққа тәтті ұсынып, өзімен бірге жүруге шақырады. Тәрбиеші балалардан: «Қонжық не істеуі керек?» деп сұрайды.

3. Алтын ережелерді бекіту:

- Ереже 1: Бейтаныс адам тәтті берсе де, онымен кетпе!
- Ереже 2: Жерде жатқан сөмке, ойыншық, телефонды ұстама, тәрбиешіге айт!
- Ереже 3: Бейтаныс адам күштеп алып кетпек болса, «Мен бұл адамды танымаймын!» деп айқайла!

4. Бейнематериал көру: «Қауіпсіздік әліппесі» қысқа анимациялық роликті тамашалау және талқылау.

«КҮДІКТІ ЗАТ ТАПСАҢ НЕ ІСТЕЙСІҢ?» ТАҚЫРЫБЫНДА ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

Іс-шара мақсаты: Төтенше жағдайда бөбекжай ұжымы мен балалардың жылдам әрі ұйымшыл әрекет ету дағдыларын практикада шыңдау.

1 Практикалық оқу-жаттығу СЦЕНАРИЙІ

Өткізілетін уақыты: 19.12.2025ж

Қатысушылар: Бөбекжай әкімшілігі, тәрбиешілер, көмекші персонал, тәрбиеленушілер.

Жаттығудың барысы (Хронометраж):

- **10:00** – Аулада (немесе кіреберіс холында) ораулы беймәлім сөмке табылады.
- **10:02** – Тапқан қызметкер меңгерушіге м.а. (А.Е. Хасановаға) және полицияға (102) хабарлайды.
- **10:03** – Дабыл қағылады. Тәрбиешілер балаларды тыныштандырып, киіндіріп, резервтік шығу есіктері арқылы ауланың қауіпсіз аймағына шығарады.
- **10:08** – Бөбекжай ғимараты толық босатылады. Тәрбиешілер балаларды тізім бойынша түгендеп, әдіскерге (А.Е. Хасановаға) есеп береді.

АКТ №2

«Күдікті зат тапсаң не істейсің?» оқу-жаттығуын өткізу нәтижесі бойынша
Желтоқсан 2025 ж.

Осы акт «Смайлик» бөбекжайында күдікті зат табылған кездегі іс-қимылдар бойынша оқу-жаттығу өткізілгенін растайды.

Эвакуациялау уақыты: 5 минут 30 секунд.

Эвакуацияланғандар саны: Барлық тәрбиеленушілер мен қызметкерлер толық қауіпсіз аймаққа шығарылды.

Қорытынды: Персоналдың іс-әрекеті ұйымшыл, ережелерге сай орындалды.



Меңгеруші м.а.:

Құрылтайшы:

Хасанова
Джумабекова

А.Е. Хасанова

Л.А. Джумабекова

«ТЕРРОРИЗМ – ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІ ҚҰБЫЛЫС» АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

Іс-шара мақсаты: Отбасы мен балабақша арасындағы ортақ жауапкершілікті арттыру, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ата-аналарға түсіндіру жұмысын жүргізу.

1 Ата-аналар жиналысының ХАТТАМАСЫ №1

Күні: Қаңтар 2026 ж.

Төрайым: Әдіскер – А.Е. Хасанова

Қатысқандар: Бөбекжай тәрбиеленушілерінің ата-аналары, педагогтар.

Күн тәртібінде:

1. бөбекжайдағы антитеррористік режим және кіріп-шығу тәртібі.
2. Ата-аналардың бала қауіпсіздігіндегі заңды жауапкершілігі.

Тыңдалды:

Әдіскер А.Е. Хасанова баяндама жасады. Ол ата-аналарға бөбекжайда енгізілген қауіпсіздік шаралары (бейнебақылау, домофон, күзет) туралы айтып өтті. Баланы бөбекжайға әкелу және алып кету кезінде бекітілген ережелерді қатаң сақтауды сұрады.

Жиналыс шешімі:

1. Бөбекжайдың кіріп-шығу ережелері бір ауыздан қолданылсын.
2. Баланы бейтаныс тұлғаларға беруге тыйым салынсын.

Жиналыс төрайымы:



Handwritten signature of A.E. Hasanova

А.Е. Хасанова

ҚАУІПСІЗДІК СИГНАЛИЗАЦИЯСЫ МЕН БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІН ТЕКСЕРУ Іс-шара мақсаты: Инженерлік-техникалық қорғаныс құралдарының (бейнебақылау, дабыл түймешесі, өрт сигнализациясы) толық жарамдылығын тексеру.

1 Сигнализация мен бейнебақылауды тексеру АКТІСІ

АКТ №3

Техникалық қауіпсіздік құралдарын тексеру бойынша

«02» ақпан 2026 ж.

Комиссия: Меңгеруші м.а. А.Е. Хасанова., Құрылтайшы Л.А. Джумабекова., Техникалық қызмет өкілі.

Тексеру нәтижесі бойынша анықталды:

- 1. Бейнебақылау жүйесі:** Камералар (ішкі және сыртқы) толық жұмыс істеп тұр. Жазба мұрағаты 30 күнге сақталады.
- 2. Дабыл түймешесі (КТС):** Сынақ сигналы жіберілді. Мамандандырылған күзет қызметінің келу уақыты – 4 минут.
- 3. Өрт сигнализациясы:** Дыбыстық және жарықтық хабарлағыштар жарамды.



Меңгеруші м.а.:

Құрылтайшы:

А.Е. Хасанова

Л.А. Джумабекова

«ҚАУІПСІЗ ЭВАКУАЦИЯ» ОҚУ-ЖАТТЫҒУЫ

Іс-шара мақсаты: Өрт немесе антитеррористік дабыл кезінде балалар мен персоналды эвакуациялау жылдамдығы мен ұйымшылдығын тексеру.

1 Анықтама-есеп

Өткізілген күні: Наурыз 2026 ж.

Бөбекжай меңгерушісі м.а. А.Е. Хасанова мен құрылтайшы Л.А.Джумабекованың ұйымдастыруымен «Қауіпсіз эвакуация» практикалық оқу-жаттығуы өткізілді.

Нәтижелері:

- Дабыл сигналы берілген уақыт: 10:30.
- Эвакуацияның аяқталу уақыты: 10:34 (Нормативтік уақыт – 5 минутқа дейін).
- Эвакуацияланған балалар мен қызметкерлер саны толық түгенделді.
- Барлық эвакуациялық есіктер мен кедергісіз шығу жолдары талапқа сай жұмыс жасады.

ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ

Іс-шара мақсаты: Балалар мен ата-аналардың арасында бейбітшілікті, достықты насихаттау және қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру.

1 Сәуір айында өткізілетін іс-шаралар жоспары

- 1. «Бейбіт аспан – біздің балалық шақ» сурет көрмесі:** Ересек топ балалары мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық суреттер көрмесін ұйымдастыру.
- 2. Бейнероликтер тамашалау:** Балаларға арналған достық пен татулықты насихаттайтын қысқа фильмдер мен мультфильмдер көрсету.
- 3. Ата-аналарға арналған буклеттер:** «Отбасындағы бала қауіпсіздігі» тақырыбында ақпараттық буклеттер тарату.

ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

Іс-шара мақсаты: 2025–2026 оқу жылында атқарылған антитеррористік қорғаныс іс-шараларының тиімділігін бағалау және қорытынды жасау.

1 Жылдық сараптамалық есеп және қорытынды АКТ

«Смайлик» бөбекжайының 2025–2026 оқу жылындағы «Террористік тұрғыдан осал объектілердің қарсы қорғалуы» бойынша іс-шаралар жоспары **ТОЛЫҚ ОРЫНДАЛДЫ**.

Атқарылған жұмыстар қорытындысы:

1. Мекеме ғимараты мен аумағы жүйелі түрде тексеріліп, техникалық қауіпсіздік қамтамасыз етілді.
2. Барлық қызметкерлер антитеррористік нұсқаулықпен танысып, тиісті журналға қол қойды.
3. Балалармен 2 рет практикалық эвакуациялық оқу-жаттығу және танымдық сабақтар өткізілді.
4. Бейнебақылау және дабыл түймешесі тұрақты жұмыс істеуде.

Қорытынды шешім:

«Смайлик» бөбекжайының антитеррористік қарсы қорғалу деңгейі «ТАЛАПҚА САЙ» деп бағалансын.



Менгеруші м.а., әдіскер:

Қорытайшы:

А.Е. Хасанова

Л.А. Джумабекова